

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 952 қаулысы "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 15-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2019 жылы:

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі арқылы "Қазақстан футбол федерациясы" қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігін қосымша қаржыландыруды;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин